

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынасар және әлем тілдері университетінің 6D01100 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша PhD докторлық дәрежесін алу үшін орындалған Сеитова Гаухар Аманжоловнаның «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» тақырыбындағы диссертациясына

ПІКІР

Заманауи шеттілдік білім беру парадигмасына сәйкес кәсіби мамандардың теориялық білімдері мен практикалық мүмкіндіктерінің өзара тоғысып, мамандардың кәсіби қызметте «құзыреттілігіне» сүйене отырып тікелей шеттілдік қарым-қатынасқа түсе алуы бүгінгі күннің талабы. Бәсекеге қабілетті тұлға болу кәсібилікті, жан-жақтылықты, құзыреттілікті қажет етеді. Техника саласы мамандарының да кәсіби қызметте шеттілдік әріптестерімен тікелей қарым-қатынас орната алуы маңызды. Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ірі инвесторы, іргелес көршісі ҚХР екендігін ескеретін болсақ, ұсынылған зерттеу жұмысының өзектілігі айқындала түседі.

Сеитова Г. А. зерттеу жұмысы бойынша өзіндік тұжырымдамалары, қорытындыларын жүйелі түрде сипаттай отырып, негізгі әдебиеттер мен еңбектерге сүйене отырып терең анализ жасаған. Тілдік емес мамандықтар студенттеріне шеттілдік білім беруге бағытталған ғылыми-педагогикалық арсенал бойынша (Кочергин И.В., Задоевко Т.П., Хуан Шиун, Демина Н. А., Құнанбаева С.С. және басқалар) зерттеушілердің тілдік емес бағыттағы мамандықтар студенттерінің шеттілдік кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру бағытындағы әдістемесін техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыруда ұтымды пайдалана алған.

Диссертациялық зерттеу жұмысы нәтижесі бойынша бекітіліп ұсынылған тұжырымдамалар негізделіп расталды.

Болашақ инженерлердің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастыру тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар арқылы дәлелденген.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы талапқа сай рәсімделген. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімнен, әр бөлім соңында бөлім бойынша тұжырымдамадан, қорытындыдан, әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады. Диссертациялық жұмыстың жүйелілігі мен бірізділігі сақталған. Әр бөлім өзара жүйелі байланысқан және әр бөлімнің соңында ғылыми тұжырымында зерттеудің мазмұны нақтыланған. Зерттеудің теориялық негізі және қолданбалы маңызы зерттеу еңбектеріне сүйене отырып нақтыланған.

Диссертациялық ғылыми жаңалығының деңгейі теориялық және қолданбалы маңызына сәйкес ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жоғары бағалауға болады.

Г. А. Сеитованың диссертациялық жұмысының қорытындылары 11 ғылыми мақалада көрініс тапқан.

Зерттеуші Г. А. Сеитованың «Техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациялық жұмысы мазмұны және рәсімделуі тұрғысынан ҚР ҒЖБМ білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай жазылған және рәсімделген жұмыс ретінде қорғауға ұсынылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми нәтижелері нақтыланған және шеттілдік білім беру барысында техникалық мамандықтар студенттерінің қытай тілі бойынша шеттілдік кәсіби-бағытталған құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық және әдістемелік жағынан үлес қосатын зерттеу жұмысы ретінде жоғары бағаға лайықты.

Қорыта келгенде, Сеитова Гаухар 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Пікір беруші:

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ,
Шығыстану кафедрасының профессор м.а.,
филология ғылымдарының кандидаты, доцент



Әлібекұлы Ақжігіт